Бекітілді
«_04_» ___02___ 2025 ж.
Ғылыми кеңестің
шешімімен
(Хаттама № _8_)

ЕРЕЖЕ

Қосымша білім беру бағдарламалары бойынша қызметтер көрсету

ЕР Ш-06-2025

Әзірлеген: УББИ басшысы
Аубакиров Г.Д. _____

Қарағанды

Мазмұны

1 Қолдану саласы 3
2 Нормативтік сілтемелер 3
3 Терминдер, анықтамалар және қысқартулар 3
4 Жалпы қағидалар 4
5 Жауапкершілік және өкілеттіктер 4
6 Рәсімнің сипаттамасы 4
7 Келісу және қолданысқа енгізу 6
8 Құжатқа өзгерістер енгізу 6
А қосымшасы Келісу парағы 7
Б қосымшасы Танысу парағы 8

1. Қолдану саласы

1. Осы Қосымша білім беру бағдарламалары бойынша білім беру қызметтерін көрсету ережесі (бұдан әрі – Ереже) бөгде ұйымдар мен кәсіпорындар үшін тілдік курстарды, бейіндік магистратураны бітірген магистранттар, университеттің ПОҚ үшін біліктілікті арттыру курстарын (қысқа мерзімді, орта мерзімді және ұзақ мерзімді), семинар-тренингтерді, педагогикалық бейіндегі білім беру бағдарламасын өткізу жөніндегі талаптарды белгілейді.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы Ережеде мынадай нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:

СТ РК ISO 9000:2017 (ISO 9000: 2015) «Сапа менеджменті жүйелері. Негізгі қағидалар мен сөздік»;

ҚарТУ ІЖ V-01 «Құжатталған ақпаратты басқару».

3 Терминдер, анықтамалар және қысқартулар

Осы Ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- біліктілікті арттыру курсының академиялық сағаты - 45 минутқа созылатын дәріс немесе практикалық сабақ;
- біліктілікті арттыру курстарына тапсырыс беруші – білім беру қызметтерін алу қажеттілігін білдірген жеке немесе заңды тұлға;
- біліктілікті арттыру – кәсіптік қызметтің сапасын арттыру үшін жаңа білім алуға, сондай-ақ бұрын алған кәсіптік білімдерін, іскерліктерін, дағдылары мен құзыреттерін қолдауға, кеңейтуге, тереңдетуге және жетілдіруге мүмкіндік беретін кәсіптік оқыту нысаны;
- сертификат – қосымша білім берудің білім беру бағдарламасының табысты игерілгенін растайтын белгіленген үлгідегі құжат;
- тыңдаушы – біліктілікті арттыру курстарының бағдарламасы бойынша оқитын жеке тұлға;
- семинар-тренинг – тұлғааралық және кәсіби өзара іс-қимыл құзыреттілігін дамытуға негізделген тәжірибеге бағдарланған интерактивті оқыту нысаны;
- БАК – біліктілікті арттыру курсы;
- ҮББИ – Үздіксіз білім беру институты.

4 Жалпы қағидалар

4.1. Біліктілікті арттырудың мақсаты қоғамдағы қазіргі әлеуметтік-экономикалық процестерге, ғылым мен техниканың дамуына сәйкес өнеркәсіптік өндірістің басшы қызметкерлері мен мамандары мен педагог қызметкерлердің теориялық және практикалық білімдерін жаңарту болып табылады.

4.2 Оқу ұзақтығын тапсырыс берушілердің пікірін ескере отырып, университет білім беру бағдарламасына байланысты белгілейді.

4.2 біліктілікті арттыру оқытудың мынадай түрлерін қамтиды:

- семинар-тренинг — 18-ден 36 сағатқа дейін;
- қысқа мерзімді — 36-дан 72 сағатқа дейін;
- орта мерзімді – 72-ден 108 сағатқа дейін;
- ұзақ - 108 сағаттан астам.

Жауапкершілік және өкілеттіктер

5.1 Осы Ереже «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ Ғылыми кеңесінің шешімімен бекітіледі.

5.2 Осы Ережеде көрсетілген процестерді енгізу және басқару үшін ҮББИ басшысы жауапты болады.

5.3 Осы Ережені әзірлеу, келісу және бекіту процесінің басшысы әзірлеуші – бөлімшенің басшысы болып табылады.

6 Рәсімнің сипаттамасы

6.1 Біліктілікті арттыру курстары ұйымдастырылады:

- еңбек қызметінен қол үзбей (оның ішінде қашықтықтан оқыту нысаны бойынша);
- еңбек қызметінен қол үзіп немесе ішінара қол үзіп;
- жеке білім беру бағдарламалары бойынша.

6.2 Курстарды өнеркәсіп кәсіпорындарының мамандары, білім беру жүйесінің педагогикалық қызметкерлері және университеттің ПОҚ үшін біліктілікті арттырудың білім беру бағдарламаларын іске асыратын ҮББИ жүргізеді.

6.3 Ақылы негізде БАК ұйымдастыру рәсімі.

6.3.1 Тапсырыс берушінің қажеттіліктеріне сәйкес бейіндік кафедраның БАК бағдарламасын әзірлеуі.

6.3.2 БАК құнын айқындау БАК тыңдаушыларының саны мен академиялық сағаттардағы оқу ұзақтығын ескере отырып, университет бухгалтериясы жүргізген шығыстар есебіне сәйкес жүзеге асырылады.

6.3.3 Бейінді кафедралардың / құрылымдық бөлімшелердің БАК өткізу туралы ақпаратты дайындауы және әлеуетті тапсырыс берушілерге таратуы.

6.3.4 Тапсырыс беруші мен университет арасында біліктілікті арттыру бойынша қызметтер көрсету туралы бейінді кафедралармен / құрылымдық бөлімшелермен шарттар жасасуды ұйымдастыру.

6.3.5 Тапсырыс берушінің БАК үшін төлемді шартта көрсетілген сомаға сәйкес университеттің есеп шотына ақша қаражатын аудару арқылы жүзеге асыруы.

6.3.6 Үздіксіз білім беру институтының БАК ұйымдастыру және тапсырыс берушіні оқуға қабылдау туралы бұйрығын дайындауы және басып шығаруы.

6.3.7 Бейінді кафедралардың / құрылымдық бөлімшелердің БАК жоспар-кестесін жасау.

6.3.8 Үздіксіз білім беру институтының БАК бітіргені туралы бұйрықты дайындауы және шығаруы.

6.3.9 Үздіксіз білім беру институтының курстарды бейінді кафедрдың өткізуі және БАК бағдарламасын табысты игеру фактісі бойынша сертификаттар дайындау және беру.

6.4 Тегін негізде БАК ұйымдастыру рәсімі.

6.4.1 Университеттің құрылымдық бөлімшелері ұсынған өтінімдер негізінде қажеттіліктерді анықтау.

6.4.2 Бейіндік кафедраның БАК бағдарламасын әзірлеуі.

6.4.3 Үздіксіз білім беру институтының БАК ұйымдастыру және тыңдаушыларды оқуға қабылдау туралы бұйрығын дайындауы және шығаруы.

6.4.4 Бейінді кафедралардың / құрылымдық бөлімшелердің БАК жоспар-кестесін жасау.

6.4.5 Үздіксіз білім беру институтының БАК бітіргені туралы бұйрықты дайындауы және шығаруы.

6.4.6 Үздіксіз білім беру институтының курстарды бейінді кафедраның өткізуі және БАК бағдарламасын табысты игеру фактісі бойынша сертификаттар дайындау және беру.

6.5 БАК тыңдаушыларының:

- университеттің факультеттерінде, кафедраларында және басқа құрылымдық бөлімшелерінде бар кәсіби қызмет мәселелері бойынша нормативтік, нұсқаулық, оқу және оқу-әдістемелік құжаттаманы, сондай-ақ кітапхананы, ақпараттық қорды, басқа бөлімшелердің қызметтерін осы мекеменің жарғысында айқындалған тәртіппен пайдалануға;
- конференциялар мен семинарларға қатысуға, мекеменің басылымдарында өз рефераттарын, ғылыми еңбектерін және басқа да

материалдарын жариялауға ұсынуға құқығы бар.

6.6 Оқу жоспары орындалмаған кезде, сондай-ақ ішкі тәртіп қағидалары өрескел бұзылған кезде тыңдаушы Басқарма мүшесінің-стратегиялық даму және цифрландыру жөніндегі проректордың бұйрығымен оқудан шығару себебін көрсете отырып, тиісті анықтама бере отырып оқудан шығарылады.

6.7 Университеттің БАК ұйымдастыру жөніндегі қызметі Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен және университет Жарғысымен реттеледі.

7 Келісу және қолданысқа енгізу

Осы Ережені келісуді ЗБ бастығымен, Басқарма мүшесі - стратегиялық даму және цифрландыру жөніндегі проректормен жүзеге асырылады және «Келісу парағында» (А қосымшасы) ресімделеді.

8 Құжатқа өзгерістер енгізу

Ережеге өзгерістер ҚР заңнамасының және ішкі нормативтік құжаттардың негізінде енгізіледі.

А қосымшасы

Ф.01-2022

Келісу парағы

Лауазымы	Аты-жөні	Күні	Қолы
Басқарма мүшесі - Стратегиялық даму және цифрландыру жөніндегі проректор	Канапьянов Т.Е.	30.01.2025.	
Заң бөлімінің бастығы	Аязбаева Г.С.	27.01.2025.	

Б қосымшасы

Ф.02-2022

Тағысу парағы

Лауазымы	Аты-жөні	Күні	Қолы